

Степногорск қаласының білім бөлімінің жанындағы «Мектепаралық оқу-өндірістік комбинаты» МКҚК бойынша 2019 жылдың қорытындысы

Кәсіпорын қызметінің мақсаты оқушыларды еңбекке және кәсіптік оқытуға қажетті жағдайлар жасау болып табылады. Қойылған мақсатты іске асыру үшін кәсіпорын мынадай міндеттер түрлерін жүзеге асырады: 1) еңбекке және кәсіптік оқытудың сапалы қызметтерін ұсыну; 2) балаларға арналған жаңа жылдық іс-шараларды өткізу.

2019 жылы кәсіптік бағдар беру курсынан өткен оқушылар саны 579 адамды құрады, жаңа жылдық ертеңгілікке келген балалар саны -54 адам. 1) 2019 жылы 579 адам оқудан өтті, 1 оқушыға жұмсалатын орташа шығын 89,88 мыңды құрады. 2) 2019 жылы жаңа жылдық ертеңгілікке 54 бала қатысты, 1 балаға орташа құны 1,2 мың теңгені құрады.

Қызметтердің негізгі тұтынушылары Степногорск қаласының жалпы білім беретін мектептерінің, Ақсу, Заводской кенттерінің оқушылары болып табылады. Оқушыларды еңбекке және кәсіптік оқытуға «Степногорск қаласының білім бөлімі» ММ - мен 2019 жылға 52038,60 мың теңге сомасына шарт жасалды, сондай-ақ ата-аналармен 64,57 мың теңге сомасына жаңа жылдық ертеңгіліктерді өткізу туралы шарт жасалды, басқа кірістер 79,35 мың теңге. 2019 жылы кәсіпорынның шығыстары 50485,15 мың теңгені құрады, оның ішінде сату бойынша шығыстар 40864,74 мың теңге, әкімшілік шығыстар 9620,41 мың теңге. Сыйақы бойынша шығыстар және басқалары жоқ.

2019 жылы ақшалай қаражат түсімі 52182,52 мың теңгені құрады, оның ішінде мемлекеттік тапсырма бойынша оқушыларды кәсіптік оқыту бойынша қызметтерге - 52038,60 мың теңге, ертеңгіліктер өткізуге - 64,57 мың теңге, өзге де кірістер 79,35 мың теңге.

2019 жылы ақша қаражатының шығуы 50485,15 мың теңгені құрады. 2019 жылы өнім өндірумен айналысатын қызметкерлердің еңбекақысы 26982,91 мың теңгені құрады, оның ішінде негізгі жалақы 23261,14 мың теңге, тұрақты сипаттағы қосымша ақылар, үстемеақылар (санат, кабинет үшін қосымша ақы және т.б.) - 2979,81 мың теңге, тұрақты сипаттағы емес төлемдер 741,96 мың теңге, оның ішінде емдік жәрдемақы -741,96 мың теңге.

2019 жылы әкімшілік қызметкерлердің еңбекақысы - 7897,80 мың теңгені құрады, оның ішінде негізгі жалақы-6815,71 мың теңге, тұрақты сипаттағы қосымша ақылар, үстемеақылар (санат, әдіс, бірлестік үшін) - 590,76 мың теңге, тұрақты сипаты жоқ төлемдер - 491,33 мың теңге, оның ішінде сауықтыруға арналған жәрдемақы - 386,33 мың теңге. Негізгі өндірістің негізгі құралдарына қызмет көрсету және жөндеу үшін 2019 жылы шығындар гараж шатырын ағымдағы жөндеу - 1500,00 мың теңгені құрады.